

**Халықаралық қатыныстар тарихы және қазіргі кездегі мәселелері**

**История и современные проблемы международных отношений**

**History and contemporary issues of international relations**

ӘОЖ 327 4/9

Н. Мұқаметханұлы

Халықаралық қатынастар факультеті,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: m\_nabizhan@mail.ru

**Цин патшалығының Абылай хан жөніндегі танымы мен саясаты**

Манчжурлер құрған Цин патшалығы – Қытайдың ең соңғы (1644-1911 ж.) абсолютті феодалдық патшалығы. Қытайдың Қазақ хандығы және Орталық Азия елдерімен тікелей қарым-қатынастары мен мемлекеттік шекарасы Цин билігі тұсында қалыптасқан. Цин империясы Жоңғар хандығын жою және ұйғыр көтерілісін жаныштау арқылы территория кеңістігін қазақ жеріне тіреген. Цин империясы жоңғарларға байланысты қазақтар туралы ең алғашқы ақпаратты 1697 жылы алған, содан кейін де мәліметтер алып тұрған. Бірақ оған назар аудармаған. Цин империясы Жоңғар хандығына жорық жасау қарсаңында қазақтар туралы әскери ақпараттар жинаған. Олар Әмірсананың мәліметі бойынша Абылай хан жөнінде алғашқы танымын және саясатын қалыптастырған. Цин империясы Абылай ханды Қазақ елінің ханы деп таныған және дипломатиялық қатынас орнатқан. Цин империясы өзінің жоңғар жеріне қоғамдық тыныштығын сақтау үшін Абылайдың талаптарын орындап отырған. Ал Абылай хан «жұмсақ» дипломатиялық тәсілдерді қолдану арқылы саяси-экономикалық жақтарда жеңіске жетті.

*Түйін сөздер:* Цин империясы, Жоңғар хандығы, Абылай хан, дипломатия, қарым-қатынастар.

N. Mukamethanuly

**Knowledge and policy of Qing empire about Abylay khan**

Qing empire established by manjures was the last absolute feudal empire of China (1644-1911). Direct relations and state border between China, Kazakh khanate and Middle Asian countries established during rule of Qing empire. Qing empire widened their territory up to Kazakh territory by abolishing Zhonggar khanate and suppressing uigur rebellion. Qing empire started to collect information about relations between kazakhs and zhonggars since 1697 and kept gathering information. But they didn't pay attention to it. Before starting march to Zhonggar khanate Qing empire gathered military information on Kazakhs. They made some knowledges and policy related to Kazakhs on information given by Amirsana. Qing empire knew Abylay khan as a governor of Kazakh khanate and established diplomatic relations with him. To keep peaceful community in Zhonggar khanate Qing empire implemented all requirements of Abylay khan. Abylay khan reached a big achievements in political-economic spheres by using «soft» diplomatic steps.

*Key words:* Qing empire, Zhonggar khanate, Abylay khan, diplomatic, relation.

Н. Мукаметханулы

**Представление и политика Цинской империи по отношению к хану Абылаю**

Манчжурская Цинская империя – последняя (1644-1911гг.) абсолютная феодальная империя Китая. Отношения и государственная граница Китая с Казахским ханством и Центральной Азией образовалась в период Цинской власти. Цинская империя путем уничтожения Джунгарского ханства и подавления уйгурского восстания расширили свою территорию до казахских степей. Самую первую информацию о казахах Цинская империя получила в 1697 году, и после этого получали информацию, но не обращали на это внимания. Цинская империя в канун военного похода в Джунгарское ханство собирали военные данные

о казахах. По данным Амурсаны, у Цинской империи формировалось представление об Абылай хане и политика по отношению к нему. Цинская империя признала Абылай хана как правителя Казахского народа и установила с ним дипломатические отношения. Цинская империя для того чтобы сохранить свое спокойствие выполняла требования Абылай хана. А хан Абылай путем использования «мягкой» дипломатической силы добивался успехов в политико-экономических областях

**Ключевые слова:** Цинская империя, Джунгарское ханство, Абылай хан, дипломатия, отношения.

Цин (Чин) патшалығы – манчжур ақсүйектері құрған Қытайдың ең соңғы (1644-1911 жж.) абсолютті феодалдық патшалығы. Қытай мен Қазақ хандығы және Орталық Азия елдері арасындағы қарым-қатынастар осы Цин патшалығы тұсында орнады. Сонымен қатар Қытайдың батыс солтүстік мемлекеттік шекарасы да осы кезде қалыптасқан. Бұның өзі Цин патшалығы билік кеңістігінің кеңеюімен байланысты болды. Цин империясы XVIII ғасырдың 50-жылдары Жоңғар хандығын жойып, ұйғыр көтерілістерін жаныштап, Тянь-Шань тауының оңтүстігі мен солтүстігін, яғни Шығыс-Түркістанды өзіне бағындыру арқылы батыс іргесін Орталық Азияға тіреген-ді. Ол кезде Орталық Азияда ұлттық мемлекеттер өмір сүретін. Солардың бірі Қазақ хандығы еді. Ол кезде қазақтар мен қытайлар арасында тұрған Жоңғар хандығы екі жақпен бірдей жауласу жағдайында тұрған болатын. Алайда Цин империясы жоңғарлар мен қазақтар арасындағы қақтығыстарды бұрыннан білетін, мысалы, 1697 жылдың сәуір айында Цин патшалығы ордасына келіп түскен мәліметте: «Ғалдан Тұрпан, Яркен, Самархан, қазақтың мыңдаған руларын бағындырды», – деп жазылған. Бірақ император Канци: «патшалығымыз бұл іске араласпайды» [1] – деген болатын. Содан кейін де жоңғарларға байланысты қазақтар жөнінде мәліметтер жыл өткен сайын Цин империясы ордасына жолданып отырған. Бірақ оларға Цин империясы назар аудармаған еді. Бірақ олар Жоңғар хандығына жорық жасау қарсаңында қазақтарға қатты көңіл бөле бастады. Олар арнаулы түрде қазақтар жөнінде және қазақ-жоңғар қатынастары бойынша, әсіресе Абылай ханға қатысты әскери ақпарлар жинады. Сол деректерден Цин империясының Абылай хан жөнінде түсінігін және оған қолданған саясатын анықтауға болады.

1755 жылдың қаңтар айындағы жолданған Цин императорының жарлығында: «Таңхалу мәлімдеген – Банчжур қатарлылар Солқанат бағытта қалғысы келеді деген іс жөніндегі жарлықты Бан Ди, Саралы білсін. Банчжурдің

әскері аз, олар қол болмайды, оның үстіне ол Батыс бағытқа барғысы келмейді екен, патша оның өтінішін мақұлдады. Бірақ патшаның байқауынша, Нағасар деген қу адам көрінеді, қазіргі оның Таңхалу айтқан сөзі, іс біткен соң (Жоңғар хандығын жойған соң – Н.М.) Әмірсананы хан деп бекітіп, қазақтың Абылайы қатарлыларды [Пекинге] бастап келіп, патшамен дидаластырып, оларды Әмірсанамен іргелес жерге қоныстандырып, бұдан былай олармен жақсы тұрамыз деген сөздері – барып тұрған сайқалдық. Іс біткен соң, тек Әмірсананы ғана хан деп бекітетін сияқтымыз. Бұл жоңғарларды тыныштандырған соң, патша төрт ойраттың тәйжілерін төрт хан деп бекітіп, оларды өзінің тікелей басқаруына қою, тек Әмірсана бір адамды ғана хан деп бекітіп, оған жоңғарлар жерін тұтастай басқарту дегендік емес. Егер осылай болса, онда ол Дауаш (Давази) сияқты болмай ма?! Патшаның бұл істейін дегені сендер үшін ғой. Сендердің бұл сөздерінде өз армандарыңның іске асу-аспауынан сыр тарту басым. Егер Әмірсананы ғана хан тағайындасақ, басқалардың үмітін үземіз. Бан Ди, Саралы сендер Әмірсананы Хошот тайпасының ханы деп белгілеулеріне болады. Одан басқа үш рудың тәйжілерін өз ішіндегі хан деп бекітіп қою керек. Айттылып жүрген қауесет сөздерді өздерің жақсы білесіңдер, осылай болғанда ғана олардың күман-күдіктері сейіледі. Ал Әмірсананың жайылым жеріне келсек, ол Тарбағатайда екен. Ол жер қазақтарға ұласып жатыр ма? Егер олардың арасы алыс болса, онда олардың бұл айтқан сөзі – қазақтарды өз билігі үшін пайдалану ойын білдіреді. Сендер құлшына жұмыс істесендер, патша сендерге мейірімін аямайды. Егер өз беттеріңмен істесендер бастарың сөзсіз кесіледі. Атқосшы Зақысу осында жасырын келгендерден Бан Ди, Саралыға жарлықты жеткізсін, олар мұқият барласын, жоңғарлар тыныштандырылған соң, Әмірсана ол жердегі басшыларды ертіп келгенде, қазақтар ісін ақылдасамыз, нұсқау бойынша атқарындар» [2] – деп жазылған.

Бұл – Цин империясының орда күнделіктерінде Абылай жөнінде жазылған ең алғашқы дерек. Осы бір патша жарлығынан оның Жоңғар хандығын жойғаннан кейін қолданатын жоңғарларды бөлшектеп басқару саясатын білуге болады. Сондай-ақ одан Цин империясының қазақтар жөнінде қандай да бір саясаттық шешім қабылдамағанын да аңғаруға болады. Сонымен қатар олардың Абылайды қазақ елінің басшысы ретінде танығаны, «Абылай қатарлыларды [Пекинге] бастап келіп, патшамен диларластыруды» жоспарлауынан анық байқалады. Осыған байланысты император Цяньлуның 1755 жылы ақпан айында жолдаған және бір жарлығында: «... Банчжур, Нағаса айтқан, Әмірсананы хан деп бекіткеннен кейін, қазақтарды бастап келіп патша сарайында дидарластыу жөнінде патша жарлық шығарды, төрт ойрат тәйжілерінің төртеуін де хан деп бекіту, қазақтар ісі жөнінде жоңғарлар тыныштандырылған соң Бан Ди, Саралы нақтылы ұсыныс жолдасын деген жарлық Әмірсанаға айтылды» [3] – делінген. Міне, бұл құжаттар Цин империясының Абылайды қазақ елінің басшысы деп танығанын дәлелдейді.

Олай болса, Цин империясы Абылайды қайдан білді? – деген орынды сұрақ туындайды. Өйткені соған дейін араласпаған елдің бірін-бірі терең білуі мүмкін емес. Жұл жерде Цин империясына қазақтарды және оның ханы болып тұрған Абылайды таныстырған адам – Жоңғар князы Әмірсана екені даусыз. Себебі Әмірсана – қазақтардың қыр-сырын өте жақсы білетін тұлға. Әмірсана Ғалдан-Серен өлгеннен кейін хандық тақ үшін күреске белсене қатысқан және Абылай ханмен тығыз байланыста болып, одан көп көмек алған болатын. Ал Абылай хан болса, ол кезде өзара қырқысқан жоңғар ақсүйектерінің әлсіздерін қолдап, күштісін әлсірету саясатын қолданған болатын. Алайда Әмірсана Цин империясының қолдауына сүйеніп, Жоңғар ханы болуды армандап, өз жақтастарымен Цин империясына көмек сұрай барды. Сол кезде оның Цин империясына жоңғарлардың да, қазақтың да жағдайын жеткізгені белгілі. Сондықтан да Цин империясы Әмірсананы қазақтың «жағдайын терең біледі» деп санаған-ды. Мысалы, 1755 жылы ақпан айында хатталған орда күнделігінде: «Бан Ди және Әмірсанаға ұқтырылсын: ұлы іс сәтті аяқталған соң, қазақ қатарлылар адалдығымен алдымызға келіп берілетін болсын, онда олардың басшыларын лайығымен астанаға ертіп келіп патшамен ди-

дарластырып, мәртебе-шен беру керек. Олардың қол астындағы адамдар бұрынғы жайылымдарында тұра берсін, оларды көшірудің керегі жоқ. Егер олардың бізге берілгісі келмесе, онда оларды әскери шабуылмен алудың да қажеті жоқ. Олардан қорғануды қалай құрамыз немесе орайы келіп тұрғанда бітіріп алатын істер болса істейік. Әмірсана қазақтардың жағдайын терең біледі, ол Бан Димен ақылдасып шешсін» [4], – деген патшаның жарлық хаты хатталған.

Ал Цин империясы Жоңғар хандығын жойғаннан кейінгі жарлық хаттарына қарап көрейік. 1755 жылы мамыр айындағы патша жарлығында: «...Қазір екі бағыттағы қалың қол тоғысты, патша шабуылы жақын күнде жеңіске жетеді. Патшаның ойы – бұл қазақтарға адам жіберетін жақсы орай, Бан Ди, Әмірсана, Саралының біреуін таңдап [қазақтарға] жіберіп, оларға жақсы түсіндіру керек, жоңғарлар көп жылдан бері аласапыран болып, өзара қырқысып жердің, елдің құтын қашырды. Патша аспан астын жарылқап, ел-жұртты тыныш өмір өткізсін деген ойымен, ерекше қалың қол аттандырып жоңғарларды тыныштандырды, ел ес жиып, өсіп-өнсін, әскери апатқа ұшырамасын, бейбітшіліктің бақытын бірге көрсін дейді. Жоңғарлар бұрыннан бері қазақтармен өш. Патша оларды тыныштандырған соң жарлық түсіріп: жоңғарлардың өз беттерімен әрекет жасап, қазақ халқын талан-таражылауына қатаң тыйым салды. Ал сендер қазақтар бізге өз еріктеріңмен берілесіңдер ме, жоқ па, өз еріктеріңде. Бірақ әрқайсың өз шекараларыңды сақтаңдар, өз беттеріңмен жоңғарларды барымталауларыңа болмайды. Егер жарлыққа бойұсынбасандар, онда сөзсіз қалың қол аттандырып жазалаймыз, сонда өкініп қалмаңдар... Осы жарлықты жеткізгеннен кейін, олардың жағдайын егжей-тегжейлі мәлімдеңдер» [5] – делінген. Осы айда Цин императорының әскери уәзірлерге түсірген тағы бір жарлығында мынадай сөз жазылған: «... Және де қазақтар жөнінде, бұрынғы жарлық бойынша оларға адам жіберілсін, қазақтың Абылайына жіберген жарлықты оған түсіндіру керек: қазақтар бұрын жоңғарлармен өзара қақтығысып келді, Тәңір патшалығы әскер аттандырған кезде Дауаш сендермен соғысып жатқан болатын, қалың қол оған жақындағанда ғана ол сендерді талан-таражылауын тоқтатты. Қазір жоңғар жері тыныштандырылды, олардың барлығы бізге бағынған пақыр болды. Осыған дейін сендерге жасалып келген зиянкестіктер қазірден

бастап мәңгі тоқтатылды. Сендер бізге шын ниеттеріңмен қарасандар, міндетті түрде мейір шапағатқа бөленесіңдер. Егер өз алдымызға ел боламыз десеңдер, тек тыныштықпен шекараны сақтайсыңдар, сұғанақтық жасап бізді әуресарсаңға салуларына болмайды. Осы жарлықты түсіндіріп айтыңдар, олардың аңысын (ракциясын) байқап, тез мәлімдеңдер» [6]. Бұл жарлықтардан Цин империясының басты мақсаты – қазақтарды өзіне бағындыру емес, ең маңыздысы олардың жоңғар жеріне өтпеуі және жаңа шекарасының тыныштығын сақтауы екені анық байқалады. Өйткені олар Әмірсана арқылы қазақтар мен жоңғарлар арасындағы басты мәселе жер иелігі екенін білген. Сондықтан олар бұл мәселе әлі де жалғасады деген оймен алдына ала Абылай ханға ескертіп отырған жайы бар.

Цин империясы Жоңғар хандығын жойған соң Әмірсананы жасырын бақылауда ұстады. 1755 жылы шілде айында Бан Дидің патша ордасына жолдаған мәліметінде: «Естуімше қазақтардың басшысы ноян Абылай жасырын түрде Әмірсанамен кеңес өткізіпті. Айтқандай-ақ ол (Әмірсана – *Н.М.*) әскерін бастап Ілеге барды, олар мәңгі тату боламыз деп келісіпті, бұрын (қазақтар) барымталап кеткен хошот тайпасының адамдарын оған қайтарып бермекші екен. Әмірсана әртүрлі қарамақайшылықты істерді жасап жүр, оны тұтқындап жазалау керек» [7] – деп жазылған. Бұл мәлімет шындыққа жақын келеді. Өйткені Әмірсана Цин империясының өзін Жоңғар хандығының хан етіп тағайындамағанына наразы болып, қарулы көтеріліс жасағаны және соғыста жеңіліп Абылай ханға қашып барып паналағаны белгілі. Бұл жөнінде профессор Клара Хфизова өзінің «Казахская стратегия Цинской империи» деген еңбегінде жақсы пайымдаған [8].

Міне, Әмірсананың осы оқиғасына байланысты қазақтар мен Цин империясы арасында күрделі жағдай қалыптасты. Цин империясы Әмірсананы қазақ жерінен тұтқындап келуге қалың қолын аттандырды, Ал Абылай хан болса оларға қарумен тойтарыс жасайды. Бірақ ол мәселені дипломатиялық жолмен шешті. Сондықтан Цин империясы өзінің қол бастаған сардарына жарлық түсіріп, былай дейді: «Қазір Әмірсананы тұтқындасандар дереу әскерді шегіндіріңдер. Егер оны әлі ұстай алмаған болсаңдар, онда Далдаңа қатарлылар Абылай хан бабаға (қытайша түпнұсқада «阿布賚汗巴巴») деп қолданған – *Н.М.*) айтсын: қалың қолдың

келуі тек сұмұрай Әмірсананы тұтқындау үшін еді, сендер қарсылық көрсетіңдер, біздің әскерлер қайтарма шабуыл жасап жеңді. Сендер Әмірсананы тұтқындасандар, дереу ұлы патшаға мәлімдейміз, ол сендерге зор мейір-шапағатын көрсетеді. Қазір күн суытып келеді, қалың қол уақытша кері шегінеді, келер жылы тағы келеді. Әмірсананы тұтқындамай тоқтамаймыз, екі жыл немесе он-жиырма жыл келе береміз, онда сенің жерінде тыныштық болмайды деп айтыңдар да, әскерлеріңді кері шегіндіре беріңдер. Бұл жарлықты Чжао Хуэй Далдаңаға тез жеткізсін» [10].

1757 жылы шілде айында Цин империясының шекараны тыныштандырушы генералдың орынбасары Чжао Хуэй, кеңесші уәзір Фу Дэның мәліметінде: «Қазақ ханы Абылай адалдық танытып, тарту-таралғы ұсынуға жіберген елшісі лагерге келді, ол елшіні астанаға қорғап жеткізуді өтініп отыр» [11] делінген. Міне, осы құжаттардан Цин империясының Қазақ хандығымен дипломатиялық қатынас орнатқанға дейін, нақтылап айтқанда, 1757 жылға дейін Абылайды хан әрі қазақ елінің басшысы деп танығанын көруге болады. Бұл деген Цин империясының қазақ елінің қоғамдық шынайы болмысын мойындауы болып табылады. Сондықтан да Цин империясының қазақ еліне ұстанған алғашқы саясаты, іс жүзінде Абылай жөніндегі танымына байланысты қабылданған болатын.

Жалпы айтқанда, Цин империясы Қазақ хандығымен саяси-дипломатиялық қатынастарда өзін сузеренді орынға қойғанымен, іс жүзінде қазақ хандығының ішкі-сыртқы саясатына қол сұққан жоқ; сауда-экономикалық байланыста «екі жақ тең пайда көру» принципі және салықсыз сауда жасау саясатын ұстанды; қазақтың этнотерриториясы мәселесінде Абылай ханның талаптарынан бас тартқанымен, қазақ ру-тайпаларының байырғы атамекені Шығыс Іле, Тарбағатай және Алтай аймағына (қазіргі Шыңжаң) жылжып қоныстанған шындықты мойындады. Демек, Абылай хан дипломатиялық «жұмсақ» тәсілдер арқылы өзінің мақсатын толық орындады. Жапонияның Орталық Азияны зерттеуші белгілі тарихшы ғалымы Сакуш Торудың: «Цин патшалығы үкіметі шекара өңірінің саяси тұрақтылығын сақтау үшін, қазақ хандарын өзіне сәлемге барып тұратын саясат қолданды. Абылайдың қойған талаптарының барлығын қабылдады» [12] деген тұжырымы негізсіз емес. Жалпы, Абылай хан Қытайдың

Цин империясымен дипломатиялық қарым-қатынасында ұтпаса ұтылған жоқ. Тіпті, зор табысты болды деуге болады. Оның басты

көріністерін Қазақ хандығының нығаюы мен өрлеуінен, халқымыздың этнотерриториясының калпына келуінен байқауға болады.

#### Әдебиеттер

- 1 Цин (Чин) патшалығы Шэняу патша орда күнделіктері (清圣祖实录). Қолжазба бойынша 183-том (бума). – 4-б.
- 2 Цин патшалығы Гао зоң патшаның орда күнделігі (清高宗实录) Қолжазба бойынша 481-том (бума). – 3-б.
- 3 Цин патшалығы Гао зоң патшаның орда күнделігі (清高宗实录) Қолжазба бойынша 482-том (бума). – 20 -б.
- 4 Цин патшалығы Гао зоң патшаның орда күнделігі (清高宗实录) Қолжазба бойынша 483-том (бума). – 23-24 -б.
- 5 Цин патшалығы Гао зоң патшаның орда күнделігі (清高宗实录) Қолжазба бойынша 488-том (бума). – 15-16-б.
- 6 Цин патшалығы Гао зоң патшаның орда күнделігі (清高宗实录) Қолжазба бойынша 489-том (бума). – 17-б.
- 7 Цин патшалығы Гао зоң патшаның орда күнделігі (清高宗实录) Қолжазба бойынша 492-том (бума). – 10-б.
- 8 Хафизова К. Казахская стратегия Цинской империи. – Алматы, 2007. – С. 18-19.
- 9 Цин патшалығы Гао зоң патшаның орда күнделігі (清高宗实录) Қолжазба бойынша 519 том (бума). – 8-9-б.
- 10 Цин патшалығы Гао зоң патшаның орда күнделігі (清高宗实录) Қолжазба бойынша 543-том (бума). – 12-б.
- 11 Сакуш Торү. Шыңжаңдағы ұлттар тарихын зерттеу. Чжаң Инның қытайша аудармасы. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы. – 1993. – 376-б.

#### References

- 1 Protocols of Shenzu emperor of Qing empire (清圣祖实录). 183 tom. – p.4.
- 2 Protocols of Gao Zong emperor of Qing empire (清高宗实录). 481 tom. – p.3.
- 3 Protocols of Gao Zong emperor of Qing empire (清高宗实录). 482 tom. – p.20.
- 4 Protocols of Gao Zong emperor of Qing empire (清高宗实录). 483 tom. – p.23-24.
- 5 Protocols of Gao Zong emperor of Qing empire (清高宗实录). 488 tom. – p.15-16.
- 6 Protocols of Gao Zong emperor of Qing empire (清高宗实录). 489 tom. – p.17.
- 7 Protocols of Gao Zong emperor of Qing empire (清高宗实录). 492 tom. – p.10.
- 8 Khafizova C. Kazakh strategy of Qing empire. – Almaty, 2007. – P. 18-19.
- 9 Protocols of Gao Zong emperor of Qing empire (清高宗实录). 519 tom. – p. 8-9.
- 10 Protocols of Gao Zong emperor of Qing empire (清高宗实录). 543 tom. – p. 12
- 11 Sakush Toru. History nationalities in Xingjian. Translation of Zhang Ying. – Urumqi: Xingjian People's Press. – 1993. – p. 376.